

20.01.2020 ж.

### «Жеңістің рухы биік, даңқы мәңгі»

«Жеңіс күні 9 – мамыр – бүкілдүниежүзі бойынша үлкен мейрам. Әсіресе, бұл мерекені екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойнымен



көтеріп, Отан үшін от кешіп, соғыстың қанға бөккен даласында қайсарлықпен шайқасқан, Жеңістің туын желбіреткен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін ерекше мейрам. Кешегі Ұлы Отан соғысында құрбан болған аталарымыз бен әкелеріміздің, мәңгі жас болып, жадымызда сақталған жауынгерлер мен офицерлер рухына, бейбіт кезеңде дүниеден өткен ардагерлерге, бүгінде ортамызда жүрген Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құрметіне орай Арқалық қаласындағы облыстық 2 әмбебап ғылыми кітапханасында Ұлы Отан соғысына 75 жылдығына арналып құрылған «Жеңістің рухы биік, даңқы мәңгі» атты көрме - панорама ұйымдастырып, презентация-шолу жасалынды. Мақсаты: Оқырмандарды

адамгершілікке, отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Оқырмандарды Ұлы Отан соғысының зардаптары, олардың ерлік істерімен таныстырып, мән – маңызы туралы мағлұмат беру. Отан үшін жан қиған аталар мен апалардың қазіргі таңдағы арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерліктерін үлгі ете отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу. Отансүйгіштікке, елжандылыққа, батылдыққа шыншылдыққа баулу. Көрмеге өзіміздің «Қостанай облысының Әскери Даңқ кітабы» және Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 75 жылдығына арналып шығарылған «Олар жеңіспен оралды», «Олардың есімдері ұмытылған жоқ» ескерткіш кітабы, Қостанай облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында: «Майдан және тыл бірлігі » атты кітаптары қойылды. Аз емес зар жылаған, егілген жан, Аз емес өшкен өмір, төгілген қан. Кеудеге зілді қасірет салды соғыс. Қирады талай арман көңілге алған. Ұлы Отан соғысына қатысқан: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин және тағы да басқа жерлестеріміз бар. Осы кісілерге құрметпен бас иеміз. Ал осы бейбіт өмірге жете алмаған, ерлікпен

қаза тапқан ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас иіп, еске аламыз.  
Жеңіс туын желбіретуде қан кешіп, кеудесін оққа тосқан боздақтарымызды  
ешқашан ұмытпаймыз!